

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

2. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

3. С. Рахметова. «Қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы: Ана тілі. 1991ж., 184 б.

ӘОЖ 39.396

АҚҚУ-АНА ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КИЕЛІ БЕЙНЕ РЕТІНДЕ

Уксукбаева М.Т., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Қазақ халқының дүниетанымында табиғат құбылыстары мен жан-жануарлар ерекше орын алады. Солардың ішінде аққу – сұлулықтың, тазалықтың, махаббаттың және аналық мейірімнің символы ретінде бағаланады. Қазақтың тектік танымындағы аққу орны айрықша. Қазақ этнограф-ғалымы Серікбол Қондыбайдың пікірінше «қазақ» деген атаудың шығу тәркінің өзін аққу бейнесімен сабақтастыратын қазақ құс атаулының ішінен аққу құсына ерекше құрметпен қараған [1]. Аққу туралы бірыңғай сарындас аңыздар да жеткілікті, бірақ мифтік сюжеттер аз екенін байқадық. Оның бейнесі ғасырлар бойы халқымыздың фольклорында, ән-жырларында, аңыз-ертегілерінде көбіне ана ұғымымен сабақтастырылып, киелі нышан ретінде көрініс тауып келеді.

Аққу – тазалық пен махаббат символы. Аққу – жұптасқан соң өмір бойы бірге жүретін құс. Осы ерекшелігімен қазақ халқы оны адалдық пен шынайы махаббаттың белгісі ретінде қабылдаған. «Аққу, қаз, сұңқарлар» секілді ән-жырларда аққу махаббаттың биік символы ретінде жырланады. Оларға арналған көптеген поэмалар жазылған. Мәселен, Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасында – браконьердің аққудың бірін өлтіріп, екіншісінің оны өкшелеп қуғаны баяндалады [2]. Сондай-ақ Нұрғиса Тілендиевтің әйгілі «Аққу» күйін де еске алуға болады.

Қазақ қыздарын аққуға теңеу жиі кездеседі. Халық арасында бұл жөнінде түрлі мақал-мәтелдер, ертегілер бар. Сонымен қатар, перілер көбіне аққу кейпіне енеді. Жаңа түскен келіндерге мәңгілік махаббат пен бақыт тілеп «аққу көрпе» немесе «махаббат көрпе» деп аталатын көрпе тігіледі.

Аққу түркі халықтары үшін қасиетті құс – құстардың патшасы әрі Ұмай-ананың құсы саналады. Аққуға қатысты тыйымдар қазақ тәрбиесінде үлкен рөл атқарған. Аққуды ату, жарақаттау – ауыр күнә саналған. Мысалы, қазақта «аққуды атпа», «аққуды өлтірме» деген өсиет арқылы жас ұрпаққа мейірім, ізгілік, табиғатты аялау сезімдері сіңірілді. Қазақтар аққуды өлтіру – қарғысқа ұшырататынына, ал бұл қарғыс көбіне аянышты өліммен аяқталатынына сенген. Ұмай-ана адамдарға аңшылықта жолбасшы болып, осы құс бейнесінде көріне алатын. Сол себепті аққуды өлтіруге желгі замандарда тыйым салынған. Бұл наным-сенім аққудың киелі статусын көрсетеді. Аққуды құрметтеу – қоршаған ортаға, Жаратқан жаратқан әрбір тіршілік иесіне құрметпен қарау дәстүрінің бір көрінісі. Бұл – қазақ халқының табиғатпен үндес өмір сүргенін айғақтайтын рухани мәдениет.

Ал «Аққу» мифтік бейне ретінде, ең алдымен, түркі фольклорының мәліметтеріне жүгінсек, «аққулар» - қыздар, дәлірек айтқанда, су пері қыздары. Баба түкті де, Асан қайғы да, басқа да қазақ аңыздық-эпостық кейіпкерлері де пері қыздарына үйленіп, олардың қойған шарттарын бұзғанда, осы қыздар аққуға айналып ұшып кетеді. Міне, осы сияқты мифтік сюжеттердегі «дарияға келіп қонған аққулардың қызға айналуын» - «қысқы күн тоқырау сәті», ал «пері қызының қайтадан аққуға айналып ұшып кетуін» - «жазғы күн тоқырау сәті» деп түсіндірген [1].

Жалпы мифологияда аққу үш әлемде бір мезгілде өмір сүре алады деп есептелген: жоғарғы әлем – аспан, орта әлем – жер беті, төменгі әлем – су арқылы байланысқан жер асты [3]. Сондықтан да үш әлемді жалғастыру қабілетіне ие аққуды мифтік медиаторлар қатарына жатқызады. Ең алдымен, аққу – су мақұлығы, оның төменгі дүние тікелей қатысы бар, сондай-ақ су, яғни ана-әйел бейнесі ретінде ол барлық арғызақастық дәуірде белгілі бір шежірелік ана рөліне ие болған, сутекті бейнелерден бұл сипатқа барынша көп ие болған мақұлықтар екеу – аққу мен жылан, екеуі де түп-ана, екеуі де қыз бейнесімен ұштасып, жылан-қыз, аққу-қыз бейнелерін береді [1].

Қазақта ананы «ақ сүт берген», «асыл жан» деп сипаттайды. Аққу-ана бейнесі осы аналық мейірімділікті білдіреді. Кейбір аңыздарда ананың рухы аққу бейнесінде көрініп, баласын қорғап жүреді. Мұндай сюжеттер – халқымыздың анаға деген терең құрметінің дәлелі.

«Аққудың айырылуы» секілді аңыз-ертегілерде аққу тіпті адам кейпіне еніп, рухани тіршілік иесі ретінде сипатталады. Сонымен қатар, кейбір батырлық жырларда аққу кейпіндегі сұлулар кездесіп, олар батырға ақыл-кеңес береді.

«Нибелунгтар туралы эпоста» мынадай бір оқиға бар: хундарға аттанған бургундар Дунай жағалауында, хундармен шекарада аялдайды. Хаген есімді батыр өткел іздеуге шығып, сол жерде болашақты болжайтын аққу қыздарды кездестіреді. Осы кездесудің құрметіне бұл жер «Сванфельд» (Аққулар даласы) деп аталып кеткен [4].

Белгілі фольклортанушы Едіге Тұрсынов бұл эпизодты талдай отырып, оның түркі мифологиясынан алынған болуы ықтимал деген тұжырым жасайды [5]. С. Қондыбай дәлелдегендей, аққумен байланысты қазақ топонимдері мен этнонимдері аз емес. Қазақ ертегілері мен шежірелік аңыздарында бейтаныс жолаушының суға түсіп жатқан аққу қыздарды кездестіретін желісі кең тараған. Кейіпкер қыздардың бірінің аяқ киімін немесе құсқа тән киімін ұрлап, оны өзіне әйел болуға мәжбүр етеді. Аққу оған келседі, бірақ бірнеше шарт қояды. Ақырында, кейіпкер сол шарттардың бірін бұзып, қыз қайтадан аққу бейнесіне еніп, ұшып кетеді. Артында күйеуінен жүкті болып кеткен ұлын қалдырып кетеді [6].

Осындай генеалогиялық аңыздардың басқа да нұсқалары бар. Мысалы, аққу туралы ең танымал аңыздардың бірі – «Қалша Қадыр мен Аққу қыз». Аңызға сәйкес, бір шайқастан кейін жалғыз тірі қалған жауынгер – Қалша Қадыр еді. Ол ауыр жараланып, өлуге шақ қалғанда, атын еліне қайтарып, туыстарына хабар жеткізуді бұйырады. Сол сәтте ұшып бара жатқан Аққу оны көріп, көмекке келеді – тұмсығымен су әкеліп, жараларын жуады. Келесі күндері де құс оған су, шөп, балық әкеліп, жеті күн бойы сауығуына көмектеседі.

Жетінші күні (жеті саны – түркілерде киелі сан), жаралары жазылған сәтте, Қалша Қадыр аққудың орнында сұлу қызды көреді. Бұл қыз – халыққа көмектескені үшін әкесі үйден қуып жіберген сұлтанның қызы болып шығады. Қалша Қадыр сұлтанға барып, қызына үйленуге рұқсат сұрап, үйленеді. Олардың үш ұлы дүниеге келеді: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс – бұлар үш жүздің негізін қалаушылар. Жалпы, Қалша Қадыр – сарыүйсіндердің екі тармағының бірі Қалша тармағының (Ұлы жүз) негізін қалаушы деп есептеледі. Otuken.kz мәліметінше, бұл аңыз – Алаш батырдың (Көкбөрі) мифтік тегі туралы нұсқалардың бірі. Онда алдымен Қалша Қадырдың «Қазақ» есімді ұлы дүниеге келіп, содан кейін, басында белгілегіміздей, Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс туғаны айтылады. Осы аңыздан «қазақ» сөзінің мағынасы «аққу» (ақ – ақ, қаз – қаз) деген тұжырым туындаған. Бірақ ең кең тараған теория бойынша «қазақ» сөзі «еркін адам» дегенді білдіреді [7].

Мұндай эпизодтар қазақ фольклорында бірнеше рет кездеседі. Осы деректерге сүйене отырып, С. Қондыбай аққудың түркі халықтарының арғы анасы ретіндегі көне бейнесін қалпына келтіреді. Ол түркілердің әйелдік тегі бойынша аққудан тараған деген ұғымды алға тартады.

Зерттеуші С. Қондыбай сонымен қатар, көне грек және үнді-иран мифологиясындағы аққумен байланысты сюжеттердің – негізінде түркілердің ежелгі, дамыған аққу мифологиясының үзік бөлшектері екенін көрсетеді. Бұл ұғымды ол үнді дініндегі аққу кастасы – «хамса» туралы түсінікпен салыстырады, бұл кастаға көне замандардағы құдайлық патшалар жататын. Ал гиперборейлік Аполлон бейнесіндегі шамандық элементтерді талдай отырып, ол оны аққулар жегілген күймеде елестеткен ежелгі түсініктердің прототүркілік мифологиямен байланысы болуы мүмкін екенін айтады [6].

Айта кететін бір жайт – дәстүрлі сал-серілер қауымында оның бір мүшесі аққу кейпіндегі костюм киіп, әскерге тән ерекше рөл атқарған. Сал-серілер ауылға таяғанда, осы кейіптегі адам атпен ауылды айнала шауып, аққу даусына еліктеп айғай салатын болған. Сондай аққу дауысты – «кику» деп атайды. Бұл ежелгі салт — қазақ жауынгерлері өлімге бас тіккен шайқасқа кірерде де аққуға ұқсап айғайлайтын болған. Бұл көшпенділердің салты көрші славян халықтарының фольклорында теріс реңкте сипатталып, «аққу-қаздарға» деген жағымсыз көзқараспен байланысты. Жалпы славян фольклорында түркі көшпенділерінің тотемі болған «қаздар мен аққуларға» қарсы көзқарас кең таралған [4].

Демек, аққу – қазақ үшін киелі құс, рухани-мәдени болмыстың бір бөлігі. Аққу-ана бейнесі – қазақ мәдениетіндегі ананың, махаббат пен рухани тазалықтың символы. Бұл образ біздің ұлттық болмысымызда терең тамыр жайып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатыр. Аққу бейнесі арқылы халық ананы ардақтап, әйелдің мейірімі мен тазалығын ұрпаққа жеткізген, яғни аққу мен ана ұғымының тоғысуы қазақ дүниетанымындағы ізгілікке, сұлулыққа, табиғатқа деген ерекше құрметті айқындайды. Сондай-ақ, киелі аққу туралы таным – қазақ халқының табиғатпен, анамен және руханиятпен үйлесімді өмір сүруінің көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қондыбай С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. – А.: «Қазақ тілі», 2018. – 480 б.

2. Сейфуллин С. Аққудың айырылуы. – А.: «Мазмұндама», 2022. – 200 б.

3. Жырау А. Лебедь как символ небесных сил и любви в тюркской мифологии // <https://www.czhr.kz/post>.

4. Наурызбаева З. Вечное небо казахов. – А.: «Otuken», 2021. – 720 с.

5. Турсунов Е.Д. Происхождение носителей казахского фольклора. – А., 2004. – С. 229.

6. Қондыбай С. Қазақ мифологиясы. – А., 2005. – Б. 249-250.

7. Словарные статьи. Перечень словарных статей «Краткого словаря казахской мифологии Серикбола

Кондыбая» // <https://otuken.kz/slovamyestatii/>

УДК 159.922.7

ВЛИЯНИЕ ИНТЕРНЕТ – ЗАВИСИМОСТИ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ ШКОЛЬНИКОВ: РИСКИ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ

Халманова Н.Н., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан
Карманова Ж.А., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

Цифровая среда сегодня стала естественной частью образовательной реальности: она ускоряет доступ к знаниям, расширяет коммуникативные возможности и одновременно предъявляет новые требования к устойчивости внимания, саморегуляции и эмоциональной стабильности обучающихся. В результате меняется структура учебной мотивации школьников: возрастает значимость внешних стимулов, усиливается риск фрагментации внимания, прокрастинации и снижения интереса к самому процессу познания. У части подростков формируются поведенческие паттерны, близкие к зависимости от онлайн-активности, что делает проблему не только психологической, но и педагогической. В этих условиях школа получает задачу выстраивать систему психолого-педагогической поддержки и формировать культуру осознанного цифрового поведения.

Следует отметить то, что в 2025–2026 учебном году данные приоритеты получили нормативное закрепление в нашей стране. В Инструктивно-методическом письме Министерства просвещения РК и Национальной академии образования имени И. Алтынсарина подчеркивается приоритет «качественной реализации учебных программ,